



*Тақырыбы: ЖИТС тің құқықтық және
медико-деонтологиялық мәселелері.*

*Қабылдаған: Кипчакбаева. Г. Б
Дайындаған: Туйгинова Ю. А
Тобы: ЖМ 215*

ЖОСПАР:

I Кіріспе

II Негізгі бөлім


1. Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтардың қызметі туралы ереже
2. АИТВ-инфекциясының алдын алу саласында басты нормативтік құжаттамалар

III Қорытынды

IV Пайдаланылған әдебиеттер

- **Негізгі мақсат:** *АИТВ инфекциясының адам организміне әсерін және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету*

- **Жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС, ағылш. AIDS)**
— аса қатерлі вирустық дерт. Қоздырушы - адамның иммундық дефицит вирусы HIV (ИДВ). Вирус иммундық жүйесінің жасушаларының жұмысын бұзып, жойып, нәтижесінде Жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС) пайда болып, адам организмінің қорғаныс механизмдерінің жұмысы бұзылып, инфекция мен қатерлі ісіктерлерден кәдімгі иммунды статус қалыпта болған жағдайда дамымайтын оппортунистік аурулар пайда болады



Вирус жұққан адам — вирус тасымалдаушылар, ЖИТС-пен ауырған адамдар инфекция жұқтыру көзі болып табылады. Ешқандай ауру белгілері байқалмайтындықтан әсіресе вирус тасымалдаушылар өте қауіпті. Вирус көп мөлшерде қанда, спермада, қынап кілегейінде, емшек сүтінде болады. Көз жасында, жұлын сұйығында, сілекейде өте аз мөлшерде болады



*Медико
деонтологиял
ық
мәселелер*

ЖИТС пен ауыратын науқастар ЖИТС туралы, аурудың қауіптілігі туралы, берілу жолдарын білу керек және ауруды басқаларға жұқтырудан сақтану керек

ЖИТС туралы науқастарды хабардар ету

профилактика және онымен күресу шараларын қарастыру

АИТВ-ні жұқпасы анықталғанда қажетті тексеруді кім атқарады?

- **Республикасы Үкіметінің 2011жылғы 3 қарашадағы №1280 қаулысымен бекітілген «Клиникалық және эпидемиологиялық айғақтар бойынша адамдарды АИТВ-инфекциясының болуына медициналық тексеру қағидаларына» сәйкес Қазақстан аумағында тұратын Қазақстан азаматтары, басқа да тұлғалардан АИТВ-жұқпасы анықталғанда клиникалық және эпидемиологиялық көрсеткіштері бойынша медициналық тексеруге жатады.**

- **ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтардың қызметі туралы ереже**

- **1. Жалпы ережелер**

- 1. ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтардың қызметі туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 32-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтарға мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ЖИТС РО);

- 2) **Облыстық деңгейдегі** ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтар (бұдан әрі – ЖИТС ОО, ЖИТС ҚО), республикалық маңызы бар қала -Астанада

3. ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтардың қызметі адамның иммун тапшылығы вирусы (бұдан әрі – АИТВ) инфекциясын және ЖИТС профилактикасын, диагностикалауды және емдеуді ұйымдастыруға бағытталған.

4. ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтар өз қызметтерінде «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексін, салалық нормативтік құқықтық актілерді, ұйым Жарғысын, осы Ережені басшылыққа алады

- **2. ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтардың негізгі міндеттері**

- - 1) АИТВ инфекциясы және ЖИТС профилактикасы, диагностикалау және емдеу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және үйлестіру;

- 2) эпидемиологиялық қадағалаумен індетке қарсы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

- 3) АИТВ инфекциясын және ЖИТС үйлескен ауруларды зертханалық диагностикалауды ұйымдастыру және жүргізу;

- 4) АИТВ инфекциясын емдеуге және жүргізілген зерттеулерге мониторинг;

- 5) диспансерлеу және АИТВ жұқтырған адамдарға медициналық көмек көрсету, жанасудан кейінгі антиретровирустық алдын алуды өткізу;

- 6) АИТВ инфекциясы мен ЖИТС профилактикасы, диагностикалау және емдеу мәселелері бойынша медициналық қызметкерлерді даярлықтан өткізу болып табылады.

3. ЖИТС РО функциялары

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға ЖИТС қызметі дамуының негізгі стратегиялық бағыттары бойынша ұсыныстар енгізеді, ЖИТС қызметінің жұмысын одан әрі жетілдіруге бағытталған нормативтік құқықтық актілердің, әдістемелік ұсынымдардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

2) облыстардың және Алматы және Астана қалаларының жергілікті атқарушы органдарымен, денсаулық сақтау органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен бірге АИТВ/ЖИТС мәселесі бойынша бағдарламаларға қатысады

3) АИТВ/ЖИТС мәселелері бойынша халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынасты қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық ұйымдардың гранттарын іске асыру бойынша қызметті үйлестіруді жүзеге асырады;

5) АИТВ инфекциясының алдын алу, диагностикалау, АИТВ жұқтырған адамдарды және ЖИТС-пен ауыратын науқастарды емдеу мәселелері бойынша орталықтардың жұмысына ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсетуді және үйлестіруді жүзеге асырады;



- 6) ЖИТС ОО, ЖИТС ҚО, Алматы және Астанада қаласындағы ЖИТС ҚО халықтың арасында АИТВ инфекциясының алдын алу бойынша бұқаралық ақпарат құралдарын қатыстыра отырып, ағарту жұмысын өткізуді ұйымдастырады;
 - 7) медициналық ұйымдарда АИТВ инфекциясының таралуын болдырмау жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық (профилактикалық) іс-шаралардың тиімділігін талдайды;
 - 8) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 742 бұйрығымен бекітілген есеп беру үлгісіне сәйкес есеп беруді қамтамасыз етеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6586 тіркелген);
 - 9) АИТВ инфекциясы жағдайларына, АИТВ инфекциясымен сырқаттанушылыққа және таралуына эпидемиологиялық қадағалауды, республика бойынша эпидемиологиялық ахуалды талдауды және бағалауды жүзеге асырады, АИТВ инфекциясының таралу қарқынын ескертуге және төмендетуге бағытталған іс-шаралар кешенін іске асырады;
 - 10) нақты диагноз қою үшін АИТВ инфекциясының оң нәтижелерін растауды жүргізеді;

- 11) АИТВ инфекциясын зертханалық диагностикалаудың сапасына сыртқы және ішкі бақылауды жүзеге асырады;

- 12) жүктілік, босану кезінде АИТВ жұқтырған жүкті әйелдерді және жаңа туған нәрестелерді алдын ала вирусқа қарсы емдеу бойынша іс-шараларға мониторинг жүргізеді;

- 13) антиретровирустық препараттарға өтінім және антиретровирустық препараттардың тізімін кеңейту бойынша ұсыныстар жасайды;

- 14) АИТВ инфекциясының мәселелері бойынша жұмыс жиындарын, конференцияларды өткізеді;

- 15) интернет-ресурсты қолдауды және жаңартуды қамтамасыз етеді;

- 16) АИТВ жұқтырған адамдар мен ЖИТС-пен ауыратын науқастар бойынша осы заманғы технологияларды қолданумен бірыңғай ақпараттық база құруды қамтамасыз етеді.

- **4. Облыстық деңгейдегі, Алматы және Астанада қаласындағы ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі, орталықтардың функциялары**

- - 1) АИТВ инфекциясының алдын алу, диагностикалау, АИТВ жұқтырғандарды және ЖИТС ауыратындарды емдеу мәселелері бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және үйлестіру;

- - 2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ведомстволарының медициналық қызметтеріне, және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің оқу орындарына, Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне консультациялық, практикалық және ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету;

АИТВ-инфекциясының алдын алу саласында мынадай басты нормативтік құжаттамалар қолданылады:

- 2009 жылғы 19 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі.
- **ҚР Кодексі 19-тарау. АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету, 112 бабы, 113 бабы, 114 бабы, 115 бабы**

112-бап. АИТВ инфекциясының және ЖИТС-тың профилактикасы, диагностикасы және оны емдеу мәселелеріндегі мемлекет кепілдіктері

Мемлекет АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға:

- 1) тегін негізде ерікті түрде жасырын және (немесе) құпия медициналық зерттеп-қараудың қолжетімділігі мен сапасына, динамикалық байқауды қамтамасыз етуге, психологиялық-әлеуметтік, заңдық және медициналық консультациялар беруге;
- 2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шегінде медициналық көмекке және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге;
- 3) әлеуметтік және құқықтық қорғауға;
- 4) ауруының сипатына байланысты қандай да бір кемсітушілік нысандарына жол бермеуіне;
- 5) АИТВ инфекциясының анадан ұрыққа берілу қаупін азайту жөніндегі профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруға кепілдік береді.

- **113-бап. АИТВ жұқтырған немесе ЖИТС-пен ауыратын адамдарды әлеуметтік қорғау**
- 1. АИТВ жұқтырған немесе ЖИТС-пен ауыратын балалардың мектепте және басқа оқу орындарында оқуы қамтамасыз етіледі.
- 2. АИТВ жұқтырған немесе ЖИТС-пен ауыратын адамдарды жұмыстан шығаруға, жұмысқа, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне және оқу орындарына қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ олардың өзге де құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге, сол сияқты олардың туыстары мен жақындарының тұрғын үй және өзге де құқықтарына нұқсан келтіруге жол берілмейді.
- 3. АИТВ жұқтыру немесе ЖИТС ауруы медицина қызметкерлерінің және тұрмыстық қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің өз міндеттерін тиісінше орындамауы салдарынан болған адамдардың өз өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтетуге құқығы бар.

- **114-бап.АИТВ инфекциясының профилактикасы**
- АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі іс-шаралар:
- 1) халықтың түрлі топтарына арналған нысаналы профилактикалық және білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
- 2) халықты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы АИТВ инфекциясы бойынша эпидемия жағдайы туралы және профилактика шаралары туралы хабардар ету;
- 3) халықтың түрлі топтары үшін ақпараттық материалдар әзірлеу және тарату;
- 4) АИТВ инфекциясының жыныстық қатынас және қан арқылы жұғуынан қорғау жөніндегі бағдарламаларды іске асыру;
- 5) сенім, жасырын тестілеу, психологиялық, заңдық және медициналық консультациялар беру пункттерін құру;
- 6) тері қабаттары бүтіндігінің бұзылуына байланысты халыққа қызметтер көрсету кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолымен жүзеге асырылады.



Θμίρ

- **115-бап. АИТВ-ға зерттеліп-қаралу**
- 1. Қазақстан Республикасы азаматтарының тегін негізде ерікті түрде жасырын және (немесе) құпия медициналық зерттеліп-қаралуға және АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша консультациялар алуға құқығы бар.
- 2. АИТВ инфекциясының болуына міндетті құпия медициналық зерттеліп-қаралуға:
 - 1) қанның, оның компоненттерінің, тіндердің және (немесе) ағзалардың (ағзалар бөліктерінің), жыныстық жасушалардың донорлары мен реципиенттері;
 - 2) өздеріне қатысты денсаулық сақтау, прокуратура, тергеу және сот органдарының сұрау салуы негізінде АИТВ жұқтырғаны ықтимал деуге жеткілікті негіздер бар адамдар;



- **Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында нысаналы индикаторларының ішінде ЖИТС мәселеріде қаралған**

халықтың күтіліп отырған өмір сүру ұзақтығының 2013 жылға қарай 69,5-ке дейін, 2015 жылға қарай 70 жасқа дейін ұлғаюы;
ана өлім-жітімінің 100 мың тірі туылғандарға шаққанда 2013 жылға қарай 28,1-ге дейін, 2015 жылға қарай 24,5-ке дейін төмендеуі;
нәресте өлім-жітімінің 1000 тірі туылғандарға шаққанда 2013 жылға қарай 14,1-ге дейін, 2015 жылға қарай 12,3-ке дейін төмендеуі;
жалпы өлім-жітімнің 1000 адамға шаққанда 2013 жылға қарай 8, 14-ке дейін, 2015 жылға қарай 6,2-ге дейін төмендеуі;
туберкулезбен сырқаттанушылықтың 100 мың халыққа шаққанда 2013 жылға қарай 98,1-ге дейін, 2015 жылға қарай 94,7-ге дейін төмендеуі;
15 жастан 49 жасқа дейінгілердің тобында АИТВ-инфекциясының таралушылығын 0,2-0,6 шегінде ұстау.

- Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (бұдан әрі - ДДҰ) жіктемесі бойынша Қазақстан АИТВ/ЖИТС індетінің шоғырланған сатысында (орташа әлемдік көрсеткіш 1,1% бөлғанда халықтың 0,2 %-ы). Халықаралық сарапшылардың бағалау деректері бойынша Қазақстанда АИТВ ауруы бар тұрғындардың саны 16 мың адамды құрайды, бұл тіркелгендердің санынан 2 есеге жуық артық. АИТВ жұқтырғандардың жалпы санының шамамен 1/4-ін құрайтын АИТВ жұқтырған әйелдердің саны өсуде. 2008 жылы жүкті әйелдер арасында АИТВ жұқпасының жиілігі 2005 жылдан бастап жыл сайын 0,01 %-ға арта отырып, 0,07 %-ды құрады, бұл АИТВ-ның анадан балаға берілу ықтималдылығын арттырады. Сонымен қатар, халықтың АИТВ/ЖИТС туралы хабардар болуының төмендігі осы патология бойынша жағдайдың нашарлауының нақты қауіптілігіне ықпал етеді.



1 декабря - всемирный
день борьбы со СПИДом

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Өмешұлы Ә. Салауатты өмір – ден саулық кепілі. Алматы: Білім – 1999
2. Оразақов Е. Денсаулық туралы кеңес. Алматы - 1981
3. KAZMEDIK.KZ



**ЗЕЙІН ҚОЙЫП
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗ ҮШІН
РАХМЕТ!!!**

